



БҰЙРЫҚ

30 шілде 2026 ж.
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ *83 н/к*
город Балхаш

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 28 шілдедегі №4-21-6/5243-И хатына, Балқаш қаласы білім бөлімінің 2026 жылғы 29 шілде №334 н/к бұйрығына сәйкес, жаңа 2026-2027 оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балаларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмей қалуының алдын алу мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026 жылдың 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізілсін.
2. 2026 жылғы «Мектепке жол» акциясын өткізудің іс-шаралар жоспары бекітілсін. (1 қосымша)
3. Акцияны жоспар бойынша ұйымдастыру және өткізу әлеуметтік педагог А.Ф.Берикказиеваға жүктелсін.
4. Әлеуметтік және материалдық көмекке мұқтаж оқушылардың (аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары, жетім және қамқорлықтағы балалар) нақты тізімі анықталып, деректер қоры жаңартылсын.
5. Балаларды оқумен толық қамту және сабаққа себепсіз қатыспаудың алдын алу мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылсын.
6. Акцияға демеушілерді, меценаттарды, үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіпкерлерді белсенді түрде тартсын.

7. «Сенім телефондары» мен «жедел желілердің» үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, азаматтардың өтініштерін жедел қарау ұйымдастырылсын.
8. БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп веб-сайттарында Акцияның мақсатын, «жедел желі» нөмірлерін және атқарылған жұмыстар жариялансын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Алпысбаеваға жүктелсін.



Ж.К.Жетписбаева